

## ЖАҢАЛЫҚТАР

# Трамп: Иран америкалық әскери тікұшақты атып түсірді

10 маусым 2026 жыл, 08:46



АҚШ президенті Дональд Трамп Иран Ормуз бұғазында патрульдік қызмет атқарған АҚШ әскеріне тиесілі Apache тікұшағын атып түсіргенін мәлімдеді. Вашингтон оған жауап беруге мәжбүр болды деді ол Truth Social [желісінде](#).

Оның айтуынша, тікұшақтың екі ұшқышы зардап шекпеген. Ұшқыштар аман екенін Трамп 9 маусым таңертең мәлімдеген, алайда ол кезде тікұшақтың құлау себебін айпаған еді.

Иранның сыртқы істер министрі Аббас Аракчи 9 маусымда шетел әскерін Ормуз бұғазынан кетуге шақырды. Себебі, оның айтуынша, олар «өздерінің қателігінен немесе қақтығыс ошағында қалып қалатындықтан үнемі қауіп-қатерге ұшырайды». Ол бұл мәлімдемесін Трамптың сөзінен кейін [жариялады](#).

Ахиос хабарлауынша, Америка әскері бұған жауап ретінде 9 маусымда Иранның бірнеше әуе қорғаныс жүйесі мен радарына соққы жасаған.

Бұған дейін АҚШ орталық қолбасшылығы (CENTCOM) аймақ суын күзету кезінде Оман жағалауында АН-64 Apache тікұшағы апатқа ұшырағаннан кейін екі экипаж мүшесінің құтқарылғанын [хабарлаған](#). АҚШ әскері сарбаздар апаттан кейін шамамен екі сағаттан соң эвакуацияланғанын және олардың жағдайы тұрақты екенін мәлімдеді, бірақ оқиғаның себебі әлі тексеріліп жатқанын атап өтті.

- 9 маусымда Трамп Иранмен жасалып жатқан бейбітшілік келісімнің аяқталуына аз қалғанын айтқан. АҚШ президенті Дональд Трамп Израильдің премьер-министр Биньямин Нетаньяхуға Иранмен жағдайды ары қарай ушықтыратын болса, оның салдары болуы мүмкін екенін ескерткенін [мәлімдеді](#). Дүйсенбіде Израиль мен Иран шабуылды тоқтататынын хабарлады. Дегенмен Израиль Иранның ескертулеріне қарамастан Ливандағы «Хезболлаға» қарсы операциясын жалғастырды.

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ